

Абижанова Асем Шаймерденовнаның «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» тақырыбы бойынша орындалған және 6D010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялық жұмысқа

АНДАТПА

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазіргі уақытта мемлекеттің өркениетті озық отыз елдің санатына қадам басуы мен төртінші өнеркәсіптік революция дәуірі жағдайында ұлттық, рухани және материалдық қорлардың негізін зерделеу, оларды тиімді жүзеге асыру мәселелері ерекше көкейкестілікке ие болып отыр. Ал бұл болса, мәдениет салаларын дамытуды, оның қалыптасып дамуындағы жетістіктер мен озық дәстүрлерді, халық тәжірибесін болашақ ұрпаққа жеткізуді қажет етеді.

Оның үстіне бүгінгі бәсекеге қабілеттілік заманында бәсекеге қабілеттілікті шыңдайтын сапаның бірі – шығармашылық, соның ішінде көркемдік-шығармашылық болып саналады. Олай дейтініміз шығармашылыққа бәсекеге қабілеттіліктің негізін құрайтын адами-тұлғалық, интеллектуалдылық-ойлылық, терең саналылық, кең білімділік, жан-жақты біліктілік, жоғары мәдениеттілік сапалар құраса, көркемдік-шығармашылыққа - эстетикалық, этикалық, руханилық, рухани-адамгершілік, зияттылық қасиеттерден тұратын ізгілікті қоғам жасауға үлес қосу сапасы жатады.

Зерттеудің мақсаты: студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытуды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттен өткізу.

Зерттеудің нысаны: жоғары педагогикалық оқу орнындағы көркемөнер саласы студенттерінің оқу-тәрбие үдерісі

Зерттеу пәні: студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздері айқындалса, ұлттық кестенің студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудағы мүмкіндіктерін жасалып, сипаттамасы берілсе, студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі, әдістемесі жасалса және олар жоғары педагогикалық оқу орнының көркемөнер саласы студенттерінің оқу-тәрбие үдерісіне бағдарлау, танылу, даралану, кезеңдермен ендірілсе, онда студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің дамуына мүмкіндік туады, өйткені бұл үдеріс мақсаттық, мазмұндық, оқу ортасы, ұйымдастырушылық, диагностикалық тұрғыдан қамтамасыздандырылады.

Зерттеудің міндеттері:

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздерін айқындау
- ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәнін анықтау
- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау
- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперименттік тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: жоғары педагогикалық оқу орындарының көркемөнер саласындағы оқу-тәрбие үдерісінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану негізінде студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту отандық білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне енуі жағдайында сыни-ұтқыр ойлауы, интеллекті жоғары дамыған, тарихи көркемдік, заманауи технологиялық біліммен қаруланған, кәсіби іс-әрекетін шығармашылықпен жүзеге асыруға дайын бәсекеге қабілетті маман даярлауға септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері «тұлға», «шығармашылық», «көркемдік шығармашылық», «әлеует», «шығармашылық әлеует» ғылыми ұғымдарының мәнін ашатын философиялық, өнертанушылық, психологиялық және педагогикалық тұжырымдамалық ойлар, өнердің дамуы мен оның адам өміріндегі мәні туралы, оның өзін-өзі жетілдіруінің креативтік мүмкіндіктері туралы, өнер, шығармашылық негізінде тұлғаның дамуы, өзін-өзі дамыту механизмдерін мүмкін ететін ішкі және сыртқы факторларының өзара байланысын сипаттайтын тұлғаның жекелік, өзін-өзі дамытушылық тұтастығы туралы ізгілік тұжырымдамалары; ұжымдық-шығармашылық тәрбиелеу қағидалары; педагогикалық құбылыстар мен үдерістерге қатысты қарастырылған синергетикалық тәсілдің, жүйелі-құрылымдық талдаудың басты тұжырымдары; аксиологиялық, іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарлық, акмеологиялық, мәдениеттанушылық амалдарының теориялық тұжырымдамалары және т.б. болып табылады.

Зерттеу көздері: көркемөнер, қолөнер, шығармашылық іс-әрекеті мәселесі қарастырылған философия, өнертану, психология, педагогика саласындағы ғылыми зерттеулер; Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы қаулылары, қарарлары, Білім және ғылым министрлігінің жоғары кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік қор құжаттамалары; шет елдік, қазақстандық өнертанушы, психолог, педагог ғалымдардың ғылыми-зерттеушілік жетістіктеріне негізіндегі озық тәжірибелері; ғылыми-әдістемелік мерзімдік басылымдар; докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша философия, өнертану, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; ҚР білім беру

мемлекеттік саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен, тәрбие тұжырымдамаларымен танысу; озық тәжірибелерге талдау жасау; тәрбие технологияларын жобалау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау; сауалнама, тестілеу, диагностикалық, педагогикалық, түзетушілік әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдері.

Зерттеудің базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы университеті, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздері айқындалды;
- ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәні анықталды
- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді, оны ендіру бойынша ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесі (көркемдік-шығармашылық әлеуетін айқындау мен қалыптастыру әдістемелері, диагностика және т.б.);
- бейіндеуші міндетті пәннің мазмұнына қосымшалар;
- «Ұлттық кесте өнері - тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту құралы» атты элективті курс бағдарламасы
- «Ұлттық кесте өнері» шеберханасы жасалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.

Зерттеу жұмысының барысында қол жеткізген нәтижелер мен әзірленген нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеудің теориялық және практикалық материалдарын жоғары педагогикалық оқу орындарында, көркемөнер саласы оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептердің, арнайы көркемөнер лицейлерінің, колледждердің тәжірибесінде, педагог мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар

- шығармашылық дегеніміз адамның мақсатқа бағытталған жаңаны табу іс-әрекетінде көрініс табатын ізденімпаздығы, табандылығы, ерік-жігері, ақыл-ойы, эмоционалдық сезімі, креативтілігі мен белсенділігінің кіріктірілген күйі; Көркемдік-шығармашылық әлеует – адамның белгілі бір көркемөнер туындысы негізінде эмоционалдық-эстетикалық шығармашылық бағыттағы белсенділігі мен тұлғалық қасиеттерінің кіріктірілуін анықтайтын ерекше психологиялық құрылым

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің құрылымы мотивациялық-құндылықтық; танымдық-мазмұндық; іс-әрекеттік-өнімділік; рефлексиялық-бағалаушылық құрамдас бөліктерінің бірлігін құрайды;

- ұлттық кестенің пайда болуы мен даму тарихы, ұлттық кестеде бейнеленетін өрнектер мәні, ұлттық кестенің дамуында қалыптасқан салт-дәстүрлер, ұлттық кестенің бұйымдарға салынуына қарай және орындалу техникасына қарай жіктемелерінің ерекшелігі, сондай-ақ олардың терең мазмұны - көркемдік, танымдық білімдерді құрайды. Сол себепті ұлттық кесте өнері тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудың құралы бола алады.

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсаттық, мазмұндық, оқу ортасы, ұйымдастырушылық және диагностикалық бөліктерден тұрады. Осы модельдің диагностикалық бөлігінде студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің ұлттық кестені оқу үдерісінде дамуының төрт өлшеміне сәйкес төрт деңгей анықталады: бағыттылық эвристикалық; белсенділік; жасампаздық;

- студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктерді жасау және оларды теориялық тұрғыда негіздеу; бейіндеуші міндетті пәндер бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар; «Ұлттық кесте өнері - тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту құралы» атты элективті курс бағдарламасы және іскерліктерін қамтамасыздандыратын аудиториядан тыс іс-шараларды жүргізу, оларды оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердің кіріктірілуінде жүзеге асыру студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің жан-жақты дамуына тиімді ықпал етеді.

Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту кезеңдермен (бағдарлау, танылу, даралану) жүзеге асырғанда нәтижелі болады.